

«Ақтөбе облысының білім басқармасы Хромтау ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «№1«Күншуақ» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК мемлекеттік аттестаттау нәтижелерінің қорытындысында көрсетілген бұзушылықтардың түзетілуі жөніндегі қорытынды анықтамасы.

2026жыл «20 шілде»

№	Анықталған кемшіліктер мен ескертулер	Кемшіліктердің түзетілуі және орындалуы туралы мәлімет
1	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарының 6 тармағы талабына сәйкес келмейді, өйткені педагог-психолог Сәрсенбаева Гүлзат біліктілік санаты деңгейін кемінде 5 (бес) жылда бір рет арттырмаған немесе растамаған (педагогикалық еңбек өтілі 25 жыл);	Сәрсенбаева Гүлзат Зейнуллақызы 2026 жылдың 07 сәуірінде ұлттық тестілеу орталығына барып педагогтердің білімін бағалаудан өтінім берген біліктілік санатына сәйкес педагог – модератор санатына сәйкес 30 балл жинады. Сәрсенбаева Гүлзат 2026 жылғы 7 сәуірде аттестаттаудан сәтті өтіп, 2026 жылғы 9 маусымдағы №36 бұйрық негізінде «педагог-модератор» біліктілік санаты берілді. Осыған байланысты педагог-психологтың біліктілік санаты Қазақстан Республикасы қолданыстағы заңнамасының талаптарына сәйкес рәсімделіп, кадрлық құжаттарға енгізілді. Қорытынды: Аттестаттау комиссиясы көрсеткен сәйкессіздік жойылды. Педагог-психологтың біліктілік санаты 2026 жылғы 9 маусымдағы №36 бұйрықпен расталып, талапқа толық сәйкес келеді.
2	2025-2026 оқу жылы бойынша ҰОБ мазмұнын меңгеру деңгейін айқындаудың мониторинг қорытындысының нәтижелері жасалмаған;	№1 «Күншуақ» бөбекжай-балабақшасында тәрбиеленушілердің біліктері мен дағдылары дамуын анықтау үшін қорытынды бақылау мониторингі 2025-2026 оқу жылына барлық дағды бойынша бақылау парағы мен әдіскердің жиынтық есебі жүргізілді. Тәрбиеленушілердің біліктері мен дағдыларының тізбесін игеру бойынша оқыту нәтижелерін бағалау жүргізілген. Бақылау парақтарында балалардың біліктері мен дағдыларды игергендігі анықталған. Тәрбиеленушілер үлгілік оқу бағдарламасында белгіленген әрбір білім саласындағы жас топтары мен ұйымдастырылған оқу әч-әрекеті бойынша білім, білік, дағдылар көлемін және құзыреттіліктерді игерген. Оқытудың нәтижелері шығарылып тәрбиеленушінің жасына сәйкес оның жетістіктерін мониторингілеу негізінде үлгілік оқу бағдарламасында күтілетін нәтижелер түрінде анықталған. Бала осы немесе басқа білім мен әрекетті жаңғыртады, белгілі бір білім қорына ие және өзінің әрекетін түсінеді, өзінің білетіні мен қолынан келетінін қолданады, білім, білік, дағдыларды дербес және шығармашылықпен қолданады деңгейлерін игерген. Мектепке дейінгі ұйымның қортынды мониторинг көрсеткіштері кестеде берілген, балабақша бойынша балалардың біліктері мен дағдыларының даму деңгейі соның ішінде жоғары және орташа деңгейді көрсеткен балалардың үлесі – 96% пайызды көрсетті

		Қортынды: 2025-2026 оқу жылы бойынша ҮОБ мазмұнын меңгеру деңгейін айқындаудың мониторинг қорытындысының нәтижелері жүргізілді.
3	Ата-аналарды тәрбиелеу-білім беру процесіне тарту жұмыстарында жүйелілік жоқ, ата - аналардың қатысуы расталмады.	Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы нормативтік-құқықтық актілеріне сәйкес ата-аналармен жұмыстың жылдық жоспары толықтырылып, іс-шаралар тұрақты негізде өткізілді. Жыл бойы ата-аналар жиналыстары, жеке және топтық кеңестер, шеберлік сағаттары, тренингтер, сауалнамалар «Аналар мектебі», «Әкелер мектебі», «Әжелер мектебі» жобалары ұйымдастырылып, ата-аналардың белсенді қатысуына жағдай жасалды. Тәрбие-білім беру процесіне ата-аналарды тарту мақсатында бірлескен шығармашылық жұмыстар, көрмелер, байқаулар мен тәрбиелік іс-шаралар өткізілді. Қортынды: Өткізілген іс-шараларға ата-аналардың қатысуы хаттамалармен, қатысу парақтарымен, фотоесептермен және басқа да растайтын құжаттармен рәсімделді. Барлық мемлекеттік аттестаттау қорытындысында көрсетілген барлық кемшіліктер толығымен жойылды. Дәлелді материалдар балабақша сайтында орналастырылды https://kunshuak2016.edu.kz/kajta-attestattau.html

«№1 «Күншуақ» бөбекжай-балабақшасы»
МКҚК-ның басшысы:



Барикова Г.Ж